

БАҒДАРЛАМА ОҢ ЖАЛҒАСЫН ТАБУДА



М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Мәдениет және спорт» факультеті қараша айында білім алушылардың кезекті ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізілді. Факультет бойынша конференцияға жүзден астам білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы қатысты. Ғылыми-тәжірибелік конференцияның қортындысы бойынша жеңімпаздар, сәуір айының ортасында өтетін республикалық конференцияларға жолдама алады.

Бүгінгі жоғарғы оқу орындарының үкілі үміті, қала мен ауыл мектептерін бітірушілері арасында өздері дайындайтын мамандықтар жөнінде таныстыру жұмыстарын жүргізу жауапты іс-шаралардың бірі. Бұл республика көлемінде қыркүйек айынан басталып, маусымға дейін жалғасын табатын үлкен науқан болып табылады.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Мәдениет және спорт» факультетінде де бұл науқан өзінің жарқын бейнесін табуда. Аталған факультеттің өзіндік терең тарихи, бай мазмұны бар. Өйткені, бұл факультет шығармашылық әлемінің талай жұлдыздарына қанат бітіріп,

зеңгір көкке самғауға баулыған алтын ұясы. Республикамыздың бірегей тұлғаларын дайындаған оқу ордасы. Осы алтын ұядан қанат қаққан Лұқпан Есенов, Ескендір Хасанғалиев, Тілеу Аханбаев, Жеңіс Қарғабаев, Мақпал Жүнісова, Нағима Есқалиева, Марат Илясов, Марат Омаров сияқты саңлақтар және «Жігіттер Квартеті» сайын қазақ даласын өнерімен тербетуде. Факультетте кезінде жемісті қызмет еткен профессорлар Өтеген Губайдулин, Едіге Балабеков, Ильяс Багов, марқұм Мұса Жарқынбековтер негізін қалаған «Қазына» ұлттық фольклорлық оркестрі республикамызға кеңінен танымал. Сонымен қатар «Думан» студент жастар театры, «Өркен» жас-

тар театры, сондай-ақ «Жеті асар» көрме залы тұрақты түрде жұмыс істеуде.

Аты аталған факультеттің деканы п.ғ.д., профессоры Тәңірбергенов Медеубек Жұматайұлы мен оның орынбасары магистр, аға оқытушы Сайнанов Бағдат Ануарбекұлы, кәсіби бағдар беру жұмыстарына жауапты аға оқытушы Ботаев Бауыржан талапкерлерге арналған іс-шаралардың толассыз жүргізілуін жиі қадағалап отырады.

Жалпы факультетте «Театр және эстрадалық шығармашылық» кафедрасында Во92-Тынығу-бағыты: 6В11121- Театр қойылымдарының технологиясы және продюсерлеу; 6В11124 – «Мәдени-тынығу қызметі және эстрадалық ән салу», тағы басқа да өнер, мәдениет және әлеуметтік салалар білім беру бағдарламалары бойынша болашақ мамандар дайындалады. Талапкерлермен жұмыс істеу негізінен, ұзақ сонар қарбалас мезгіл. Бұл кезең,

қаншама дайындықты талап ететін, үлкен бәйгелер тігілетін ұлан-асыр той дайындығы сияқты тыным тапқызбай зыр жүгіртетін, алайда нәтижесі бір-ақ күнде белгілі болатын, қатаң сынға алатын алма-ғайып, беймаза шақ. Әйтсе де, мектеп әкімшіліктерінің өз тараптарынан да университет оқытушыларына шақыртып кеңес алуларына мүмкіндіктер бар. Кейбір қала мектептерінде кеңес беру мақсатына ұйымдастырылған факультеттің тұрақты бұрышы жұмыс жасайды. Жалпы факультетте кәсіби бағдарлама беру жұмыстарының қарқыны бір сәтте баяулаған емес.

**Бауыржан БОТАЕВ,
Майра АПТУРЕҚЫЗЫ,
Ерболат САЙЫНҰЛЫ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
«Театр және
эстрадалық
шығармашылық»
кафедрасының
оқытушылары**